# Тәуелсіздік тынысың, бүгінгі дәулетің, ертеңгі ырысың





"Еліңнің ұлы болсаң,
еліңе жаның ашыса,
азаматтық намысың болса,
қазақтың ұлттық
жалғыз мемлекетінің
нығайып-өркеюі жолында
жан теріңді сығып
жүріп еңбек ет.
Жердің де, елдің иесі өзің
екеніңді ұмытпа!"

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың
Қазақстан халқына Жолдауы

“Тәуелсіздік тынысың, бүгінгі дәулетің, ертеңгі ырысың” тәрбие сағатын бастамас бұрын, сіздерді бұл мерекенің маңызымен таныстырып өтейін. Алтайдан Алатауға дейін ұлан – ғайыр жерді мекен еткен ата – бабаларымыз тәуелсіздікті арман еткен. Осынау кең даланы көк найзаның ұшымен, сом білектің күшімен қорғаған бабаларымыздың аманатын орындау үшін талай боздақтар жанкештілікке барған. Қаракерей Қабанбай, Қанжығалы Бөгенбай батырлардан бастап, Иса Досан, Шотан батырлар, беріректе Бауыржан, Мәншүк, Әлия сынды батырлар сол ел қорғауды ұран еткен, сол үшін құрбан болып, ел құрметіне бөленген батырлар.

Ресейдің езгісінде болып, тіліміз бен дінімізден безіп, орыстанғалы тұрғанда Қайрат Рысқұлбеков, Ләззат Асанова сияқты қыршын жастардың құрбандыққа баруы арқасында ғана тәуелсіздік алып, егеменді ел болдық.





Елде еркін жүр екенмін
Елге ерке гүл екенмін
Мәз мейрам саламын мен
Арқасында Нұрекеңнің
Аяғынан тұра алатын
Күнге жетті қуанамын
Көшбасшыны көзден сақтап
Қуатты қыл Нұрағаны

Елбасымыз кемеңгер
Таязымыз тереңдер
Қазақпын деп мақтанып
Қан ойнайды денемде
Саясаттың Нұрекең
Көшін бастап жүр екен
Бағындырды биікті
Елбасымыз сүйікті

Нық ғып әр бұрышыңды
Ұлт пен әр ұлысыңды
Бірлік пен билей білген
Нұрсұлтан Әбішұлы
Төбең көк тіресін деп
Амандық тілесін тек
Ер халқың құттықтайды
Күнімен президент

Елбасымыз қыранымыз
Сізге бізден бұл әніміз
Қазақстан ұланымыз
Туымыз бір ұранымыз

Авторы: Ақмола облысы Бұланды ауданы Балуан Шолақ атындағы мектеп – лицейінің музыка пәнінің мұғалімі Сагидолда Серікжан

Дені сау, интеллектуалды ұрпақ қалыптастыру

Экономиканы көтеру

Елбасының мұраты

Саяси тұрақты мемлекет құру

Білімді ұлт қалыптастыру

Тәуелсіздікті ұпрақтан ұрпаққа аманат ету



- 1993 жыл 15 қарашада Қазақстан Республикасының ұлттық ақшасы -Теңге айналымға енді.
· 1994 жылы екінші қазақ ғарышкері Талғат Мұсабаев Союз ТМ6 ғарыш кемесімен ғарышқа ұшты.
· 1995 жыл 30 - тамызда жаңа Ата Заңымыз бір ауыздан қабылданды.
· 1996 жыл 30 - қаңтарда Қазақстан Республикасы парламентінің бірінші сессиясы өтті.
· 1997 жылы Тіл туралы Заң қабылданды.Еліміздің ата Заңының 7 бабында «Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілі - қазақ тілі” деп көрсетілген.
· 1998 жыл 10-маусымда жаңа астананың ресми тұсаукесері болды.

# НҰРЛЫ ЖОЛ - БОЛАШАҚҚА ЖОЛ



# ПРЕЗИДЕНТТІҢ ҚАНАТТЫ СӨЗДЕРІ

**Келер қазақтың да ішетін уы мен балы - Абай.**

**Қолымыздан қайрат, санамыздан ақыл кетпесе, жақсылыққа жетеріміз хақ.**

**Еңсесін енді көтеріп келе жатқан біздің еліміз үшін дарынды ұрпақтың орны бөлек.**



# Дәйексөз

**“Қазақстанның болашағы — қазақ тілінде.”**

**“Кеше болмағанның бүгін болуы мүмкін, бүгін болмағанның ертең болуы мүмкін, бірақ ана тіліне мән бермеушіліктің, оны құрметтемеудің орны толмас олқылықтарға соқтыратыны сөзсіз.”**

**“Қазақ қазақпен қазақша сөйлессін.”**

«Ынтымақты елге ырыс енші». Аталардан қалған аңыз да соны меңзейді. Сондықтан бостандығымыз баянды болу үшін өзімізбен мидай араласып кеткен жүздеген ұлт өкілдерімен арамызға сызат түсірмеуіміз керек. Мыңға жөн айтып алқалы топты аузына қаратқан қаз дауысты Қазыбек би бабамыздың сөзімен айтқанда «Біз мал баққан елміз, ешкімге соқтықпай жай жатқан елміз». Бір сөзбен айтқанда қалайтынымыз бейбітшілік, тыныштық, бостандық, еліміздің босағасын нығайту. Тәуелсіздік біздің алдымыздағы жарқын болашаққа жол ашып берді. Біз сол жолмен алға баса береміз.

Бір ата, бір ананың түлегіміз
Бір болсын қайда жүрсек тілегіміз
«Бірлік барда тірлік бар» деген бабам
Бірлік деп бірге соқсын жүрегіміз! -

# Менің Қазақстаным - Менің Болашағым




















# Назарларыңызға рахмет